

**HIZB-UT TAHRIR AND THE ISLAMIC MOVEMENT OF UZBEKISTAN IN CENTRAL  
ASIA. OBJECTIVE AND ANALYSIS**

***ОРТА АЗИЯДАҒЫ ХИЗБ-УТ ТАХРИР ЖӘНЕ ӨЗБЕКІСТАН ИСЛАМ ҚОЗҒАЛЫСЫ.  
МАҚСАТЫ ЖӘНЕ АНАЛИЗИ***

**Baurcan BOTAКARAEV**

Ahmat Yasavi Kazakh Turkish University, bake.kaz.tr@gmail.com

**ABSTRACT**

The Islamic radical movements in Uzbekistan are considered as a threat to this country in particular and regional security and stability. It is clear that the collapse of Soviet Union and new socio-economic and political development that emerged because of it have a great impact on the Middle Asia. Despite the political issues that are about anti-religion and atheism in Soviet period, religion kept its liveliness. After the period independence, peace and unity among religious groups emerged, but since there are those who are radical groups that advocate armed struggle as a method, they are often imported from outside groups. Process of liberalization of political sphere has resulted in occurrence political parties not only democratic sense but also parties with religious direction. The politics of preservation of secular character of the state which the government of the countries of region adhered was accompanied by retaliatory measures concerning Islamic organization that has forced; most of population had to leave in underground. Not having experience of conducting secret activity of the organization, they used power against the state. Unique political force of religious sense which had experience of activity in an underground was Hizb-ut Tahrir and Islamic Movement of Uzbekistan.

**Keywords:** Hizb-ut Tahrir, Islamic Movement of Uzbekistan, Central Asia, Uzbekistan

**РЕЗИОМЕ**

Өзбекістанда Ислами Радикалдық ағымдарының өмір сүрулері бұл мемлекет үшін және де аймақтық қауіпсіздік және тұрақтылық жағынан қауіп төндіретіні көрінеді. Кеңес Одағының таралуының нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық және саяси оқиғалардың Орта Азияға да қатысты әсерлердің болғаны мәлім. Кеңес Одағында дінге қарсы жоспарлары және атеизмді негізге алған саясатты жүргізсе де, дін халық арасында өмір сүруін жалғастыра берді. Ресми қысымға ұшыраған діни рух, Орта Азия елдерінің тәуелсіздік алуымен бірге кенеттен жарыққа шыға бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бейбітшілік пен бірлікті насихаттап жүретін діни топтармен қоса, сырттан келгендердің арасында дінді жаю мақсатында қарулы күресті жақтайтындар да болған. Кеңес Одағының соңғы жылдарында жүргізген саясаты елде тек қана демократиялық партиялардың ғана емес сонымен қоса діни негіздегі партиялардың пайда болуына алып келді. Орталық Азия елдерінің зайырлы мемлекет атауын сақтап қалуда күштеріне сүйенді. Аталмыш саясат елдегі діни саяси ұйымдардың мемлекетке қарсы күш қолдануына алып келді. Жасырын қызмет ету тәжірибесі жоқ бұл күштердің, халық арасында беделінің төмендеуіне алып келді. Жасырын әрекет ету тәжірибесі бар діни саяси күш жоғарыда аталған Хизб-ут Тахрир және Өзбекістан Ислам Қозғалысы партиялары болды.

**Түйін Сөздер:** Хизб-ут Тахрир, Өзбекістан Ислам Қозғалысы, Орта Азия, Өзбекістан.

**КІРІСПЕ**

1903 жылы негізі қаланған КСРО Комунистік Партиясы, Лениннің басшылығымен азаматтық соғысты жеңген болатын. Осыған байланысты 1917 жылы патшалық тарапынан ұлтшылдыққа байланысты саясаттар жүргізілген болатын. Ленин орыс ұлтынан тұратын бір партия құруды көздеді. 1917 жылдың соңында басшылықты толығымен иемденгеннен кейін жүргізген ұстамды саясаты жоғала бастады. Ленин, Маркс пен Энгельс секілді ойшылдардан үйренген ілімдер негізінде алғашқыда дінмен күресуді саяси құмарлық ретінде санап, уақыт өте келе дінге қарсы қысымдар көрсете бастады. Мысалы, 1918 жылы 28-қаңтар күні шығарған заң бойынша кәмелетке толмаған жастарға діни білім алу тыйым салынды. Мектептегі діни білім

жойылды, діни мекемелер де жұмыстарын аяқтаған және дінге қарсы насихаттар басталған болатын. Сондықтан да бұл кезеңде Ислам бірлігі саясатын қолдаған бірнеше топ пайда бола бастады. 1917 жылы Мұсылман Бірлігі болған Иттифак әл-Муслимин құрылды. Сондай-ақ Тұраншылдық (Пантюркизм) та пайда болып, тез арада жаңа мүшелерімен толықты. Бұл кезеңде Исмаил Гаспиранский тарапынан Жадидизмге жетекшілік жасалған. Исмаил Ресей Империясында өмір сүрген бүкіл мұсылмандардың ілім және мәдениетке бет алуларына жол көрсетті. 1917 жылы төңкерістан кейін Түркістан тәуелсіздік үшін күресі Орта Азияны қамтыды. Түрікменстан және Тәжікстанда тәуелсіздікті қалаған топтар күресін бастады. Басмашылар ретінде танылған бұл топ шарифат, джихад, Түрік ұлтшылдығы және коммунизмге қарсылық бағытын ұстанған болатын. Бірақ жүйелі құрылымы болмағандықтан дами алмай ру-тайпаларға бөлінді. Бұл ішкі жағдай олардың хәлдерін әлсіреткені үшін сырттан көмек алуға мәжбүр болды. Британия Империясы Басмашыларға Индия жақтан қару-жарақпен, оқ-дәрілермен қамтамасыз етіп отырды. Сондай-ақ Осман Империясы тарапынан да көмектер келіп жатты. Бұл жердегі мақсат – Түркі-Мұсылман бірлігін қамтамасыз ететін «Үлкен Түркістан Үкіметін» құру болып табылды. Бұл себептен идеалистік мақсаттарға ие болған Түрік ұлтшылдығы және Тұраншылықтың атақты лидері Әнуар Паша 1921 жылы Басмашыларға қосылған және 1922 жылы 2000 адамдық әскермен Душанбені жаулап алады. Бірақ уақыт өте келе Әнуар Пашаның әскер саны азая береді. 1922 жылы 4 тамыз күні 25 адамдық әскермен Тәжікстанда, Белчиван маңында орыс әскерлермен шайқасып жатып пулемет оғына ұшып қаза болады.

КСРО басшылығына Сталиннің келуі Орта Азия халқының жағдайын қиындатты. Лениннен кейін КСРО бес аймаққа; Ферғана аңғары, үш мемлекет (Өзбекістан, Қырғызстан және Тәжікстан) арасында бөлінген еді. Осылайша Сталин, этникалық топтарды бір-бірімен қақтығысуға себеп болған еді. 1931 жылы Құдайсыздар Ұйымы<sup>1</sup> бүкіл мешіттерді қоластына алды, бірнеше мешіттерді кинотеатр секілді мәдени жерлерге немесе түнгі клубтарға айналдырған болатын. Мысалы, Өзбекістанның Наманган қаласындағы Жұма намаз оқылатын мешітті шарап фабрикасына айналдырған. Кейбір мешіттер болса қойма ретінде қолданған және Құран кітаптардың көбісі өртелген болатын. Тек осы кезеңде Сталин тарапынан 20.760 адам өлтірілді. 1940-шы жылдарда Сталин, Исламды үкіметтің бір бөлігі ретінде белгіледі. Бұл мақсатпен муфтилердің, шейх-уль исламның және ресми төрт адамнан құралған діни басқарма құрылып Ресми Ислам түсінігі де пайда болды. Бұны жүзеге асыру үшін 1943 жылы Сталин Орта Азияда төрт муфтият ашады. Бұлардың арасында ең маңыздысы Орта Азия Рухани Басқармасы (САДУМ – Среднеазиатское Духовное Управление Мусульман). Жылына төрт рет Құран аяттары негізінде кітапшалар, хадистерді түсіндірген журналдар және діни күнтізбелер шығарды. Сондай-ақ имамдардың жұма намазындағы хұтбалардың мәтіндерін САДУМ дайындап отырған. Бұл кітапша, журналдар арқылы сопылықты кінәлаған. Бірнеше муфтият болса, сопылардың мазарларды зиярат ету жайында пәтуалар жариялаған болатын. Мысалы, солтүстік Кавказ және Дагестан муфтиі Хажы Курбанов, мазараттарды қасиетті жер деп санайтындарды күнәхар және қайтыс болған бір адамның құрметіне мешіт немесе ғибадатхана салуды пұтқа табынушылық деп айтқан болатын. Ал кесенелерге құрмет көрсету, ресми болмаған мешіттерде ғибадат жасау, ауруларға шифа табу мақсатында дін адамдарының есігінен қағу, зікір айнды (жария зікір) жасау Орта Азияның терең тарихы бар амалдар болып табылады.

1988 жылдан бастап Горбачев КСРО-ның таралуын болдырмау мақсатында бүкіл діндерге деген көзқарас, амалдарын жеңілдетіп Исламға төзілімділікпен қарай бастаған болатын. Бұл кезеңде мұсылман болғандардың және намаз оқитындардың саны артты. Орта Азияда жаңа мешіттердің салынуы қолға алынды. Әрбір ауылда және әрбір қалада бір мешіттен ашыла бастады. Жоғары Ислами ілімдер үйретілуі үшін медреселер ашыла бастады. Горбачев 1989 жылы 1 желтоқсан күні Ватиканда бүкіл Совет азаматтарының діни амалдарын жасауларына кепіл болатынын мәлімдеген болатын, 1989 жылдары алғаш болып Қырғыз Мұсылмандары

<sup>1</sup> КСРО бойынша Құдайсыздар ұйымында тек Өзбекістан ғана 1932 жылы 90.000 адам бар болатын.

Ислами мектептерде білім ала бастады. Дәл осы жылы САДУМ-ға жаңа бір муфти сайланды. Бұл кісі «Мұхаммед Садық Юсуф» деген атпен танымал Шейх Абдульмажит Бабахан еді. Оның кезеңінде Абдулуали Қары, басқа атпен Рахматулла секілді Уахаби молдалар, Орта Азия халқын мазасыздандырған болатын. Уахабилер күш қолдану арқылы кейбір мешіттерді қоластына алады және Орта Азия мұсылмандарын әртүрлі көмектермен өздеріне тартып алады. Уахаби және Ханафи имамдар арасында келіспеушіліктер орын ала бастайды. Юсуф болса бұл жағдайға соңғы нүктесін қоймақшы болып, Өзбекістан Ислам Қозғалысының лидері Йолдаштың бұл әрекеттерін доғаруды бірнеше рет ескертеді. Йолдаш болса, Рахматулланың пікірлеріне сенетінін және одан аян алғанын айтады. Нәтижесінде 1991 жылы 8 желтоқсан күні КСРО-ның тарағаны ресми түрде жарияланады және Горбачев та отставкаға шығады.

### **Тәуелсіздіктен Бұрынғы және Кейінгі Хизб-ут Тахрир және Өзбекістан Ислам Қозғалысы**

Орта Азиядағы радикалды Ислам топтарына қарайтын болсақ, «Өзбекістан Ислам Қозғалысы (ИДУ)», «Хизб-ут Тахрир» секілді топтар, Радикалды Ислам топтарының ірі өкілдері екендігін көреміз. Сондықтан да бұл екі топтың мақсаттарын және жалпы әрекеттерін зерттеуге тырысамыз.

Өзбекістан Ислам қозғалысы Орта Азияда пайда болған. Бұл топ сондай-ақ Ислам Қарсыласу Қозғалысы (ИДС – Исламское движение сопротивления) ретінде танымал болып табылады. Негізінде бұл топ 1999 жылдан кейін Өзбекістан және Қырғызстанда бірнеше рет террорлық әрекеттерін жүзеге асырғаннан кейін халықаралық дәрежеде танымал бола бастады. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Өзбекістан үкіметінің қысымдарынан Тәжікстанға кеткен өзбек мұсылмандар, біріккен Тәжік Оппозициясына қосылып, Тәжікстанның ішкі азаматтық соғыстарында белсенді рөл ойнады. Әсіресе 1979-1989 жылдар аралығындағы Совет-Ауған соғысына қатысқан Жума Намангани, Тәжікстандағы Тавильдара ауданының таулы аймақтарында әрекет жүргізген Тәжікстан Исламдық Өркендеу Партиясының (Партия Исламского Возрождения Таджикистана) қолбасшысы қызметін атқаратын. Сондай-ақ Тәжікстандағы азаматтық соғысына қатысқан өзбек радикалистері шектен шыққан Ислам радикалистерімен, яғни Ауғаныстандағы Талибан қозғалысымен жасырын түрде қарым-қатынас орнатып Ислам Радикализмін тәсіл ретінде қолдану арқылы өз әрекеттерін қуаттай түсті.

1997 жылы Тәжікстандағы азаматтық соғыстан кейін Тәжікстан Исламдық Өркендеу Партиясының зайырлы саясатына қарсы болған Тохир Юлдашев және Намангани, өзбек мұсылмандарын жинап Өзбекістан Зайырлы Үкіметінің құлауын және Ислами мемлекетінің құрылуын көздеп, Өзбекістан Ислам Қозғалысын құрған<sup>2</sup>. Намангани Тәжікстандағы таулы аймақтарын Өзбекістан Ислам Қозғалысының орталығы ретінде пайдаланды. Исламға деген көзқарасы, экономикалық жағынан жоқшылықта болған, Өзбекістан үкіметіне қарсы болған Ферғана аңғарынан келген жастармен әскерлері толықты<sup>3</sup>.

Өзбекістан Ислам Қозғалысы, Ауғаныстандағы Талибан және әл-Каидамен жасырын түрде бірлесіп Орта Азия мемлекеттеріне террорлық әрекеттерін жүзеге асыруды бастайды. Ауғаныстанмен келісім нәтижесінде ұйымның талап етілген қару-жарақтармен жабдықталуы жеткілікті дәрежеде нығайта түсті. Өзбекістан Ислам Қозғалысы алғаш рет 1999 жылы ақпан айында Өзбекістан Президенті Ислам Каримовты нысанаға алған «Ташкент автокөлік бомбалы террор оқиғасын» жүзеге асырды. Дегенмен де өз мақсаттарына жете алмады, бірақ халық арасында хаос тудырды. Бұл оқиға нәтижесінде 16 адам қаза болып, 128 адам жараланған болатын. Қайғылы оқиғадан кейін Ислам Каримовқа жергілікті халық қарсы шығу арқылы наразылықтарын білдірді. Бұл наразылыққа үкімет күшін көрсету арқылы Ислам Каримов бүкіл қарсы шыққан адамдарды үкімет тарапынан қуғынға ұшыратады. Маусым

<sup>2</sup> Makarenko Tamara, "Crime and Terrorism in Central Asia", Jane's Intelligence Review 12(7), 2000, 17 6.

<sup>3</sup> Son YoungHoon, A Study on the Repressive Policies in Central Asian States and Islamic Opposition Movements, Корея Тілі Университеті Таяу Шығыс Ғылыми-Зерттеу Институты, 2007, Seul, 316 6.

айында Өзбекістан үкіметі Ауғаныстанға қашқан Өзбекістан Ислам Қозғалысының саяси қолбасшысы Юлдашевтың қастандық әрекетіне қатысы бар екенін біліп еліне қайтарғысы келді. Бірақ Талибан, Өзбекістан үкіметінің талабына қарсы Ауғаныстанның солтүстік аймағындағы жасырын жерін Юлдашевке беру арқылы Өзбекістан Ислам Қозғалысының террорлық әрекеттеріне көмектескен болатын<sup>4</sup>. Аталмыш оқиғадан кейін Ислам Қозғалысының террорлық әрекеттері Қырғызстанның оңтүстігі және Баткен маңайында жалғасын тапты. Наманганидің бастауымен Ислам Қозғалысының қарулы тобы 1999 жылы екі рет (мамыр және тамыз айларында) террорлық әрекеттерін жүзеге асырған болатын. Қырғызстан шенеуніктері мен Жапон геологтарын тұтқынға алып Қырғызстан ауылдарына террорлық әрекеттерін жасаған. Нәтижесінде 55 адам қаза болып, 200-ден аса әскер жараланған, бұл әрекетті ұйымдастырған жақтан 96 террористтің өлгені және де бірнешеуінің ұсталғаны туралы да мәлімет бар. Бұл оқиғаның арқасында Талибан мен әл-Каида секілді бүкіл әлемге әйгілі ұйым тұрғаны белгілі болды. Бұқаралық ақпарат құралдары және газеттерде аталмыш террорлық әрекеттерді Тәжікстан шекарасындағы діни топтардың жасағандары жазыла бастады. Бұл оқиға Қырғызстан тарихында Баткен Оқиғасы ретінде қалып қойды. Өзбекістан Ислам Қозғалысының пайда болуынан бастап бұл ұйымдармен байланыс орнатқан және алғашқы жылдарда қаржылай көмек берулері туралы нақты шешімдер қабылданған болатын. Сондықтан да Өзбекістан Ислам Қозғалысы, Талибан және әл-Каиданы жалғастырушы ретіндегі бір ұйым деп атай аламыз. 2000 жылдың соңына таяу Өзбекістан Ислам Қозғалысы, Өзбекістан мен Қырғызстанның оңтүстігін орталықтарына айналдыру арқылы көптеген зорлық-зомбылық әрекеттерімен Орта Азияда үрей, тұрақсыздық және алаңдаушылық туғызды. Осылайшы Үкімет құрылымына және аймақтық тұрақтылыққа қауіп төндірген Радикалды Ислам Қарсыласу Қозғалысы ретінде ұлғая түсті<sup>5</sup>.

2000 жылы Өзбекістан Ислам Қозғалысы, Талибан мен әл-Каиданың қолдауымен Ауғаныстанның солтүстік аймағының әскери алаңында жаңадан жасақтанып 3000-5000 адамдық қаруланған әскерлер жаттығуларын бастады<sup>6</sup>. Тіпті, Өзбекістан Ислам Қозғалысы «Түркістан Ислам Партиясы» деп аталатын ауқымды бір ұйым құрып Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Ауданына дейін өз күштерін кеңейту жоспарда болды. Бұл тұрғыда Өзбекістан Ислам Қозғалысының мақсаты тек Өзбекістанның Зайырлы Үкіметін құлату ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орта Азияны қамтитын Ислам Үкіметін құруы болып табылады.

1953 жылы Палестинада құрылған халықаралық Ислам радикал партиясы ретінде танылған Ислам Азаттық Партиясына (Хизб-ут Тахрир) қарайтын болсақ, 1990 жылдың орталарынан бастап Өзбекістанға келіп, бүкіл Орта Азияда әсерін кеңейтіп, жасырын бір ұйым ретінде ұлғайған болатын. Ислам Азаттық Партиясы, Орта Азияның Ислам Үкіметі ретінде құрылуын көздеген Өзбекістан Ислам Қозғалысынан кейбір айырмашылықтары да болған. Мұсылмандарға кітаптар, парақ және видеолар тарату арқылы үгіт-насихаттарын жүргізіп отырған. Хизб-ут Тахрир Ресей мәдениетінің әсерінен тәуелсіз болуын көздеген Пан-Исламизм Қозғалысымен және де бүкіл Орта Азия мұсылмандарын нысанаға алу арқылы алаңын кеңейткен Өзбекістан Ислам Қозғалысынан бөлектенген деп айта аламыз<sup>7</sup>. Халықаралық Ислам Ұйымы ретінде Хизб-ут Тахрир, бір жағынан Таяу Шығыс пен Европада Америкаға және Яһудилікке қарсы белсенді түрде әрекет жасаса, екінші жағынан Орта Азияда жоқшылық, немқұрайлылық, есірткі, жезөкшелік секілді тәуелсіздік алғаннан кейінгі пайда болған қоғамдық проблемаларының шешілуі үшін үкіметті немқұрайлылықпен кінәлады.

<sup>4</sup> Naumkin. Vitaly, "Radical Islam in Central Asia : Between Pen and Rifle", Rowan and Littlefield, Lanham, MD, 2005. 81 6.

<sup>5</sup> Baran Zeyno and Starr, Frederick S. and Cornell, Svante E, "Islamic Radicalism in Central Asia and the Caucasus" Implications for the EU, 1-57, 2006, 47-50 66;

<http://www.silkroadstudies.org/new/docs/Silkroadpapers/0607Islam.pdf> (10 Ekim 2016)

<sup>6</sup> Freeholm Michael, "Uzbekistan and the Threat from Islamic Extremism", United Kingdom Royal Military Academy, Conflict Studies Research Center, Report No.K39, 2003, 9-10 66..

<sup>7</sup> Yemelianova Galina, "The Rise of Islam in Muslim Eurasia Internal Determinants and Potential Consequences", China and Eurasia Forum Quarterly 5(2), 2007, 87-88 66..



Ұйым басшысы 1960 жылға дейін жазған кітаптары арқылы халифалық үкіметті құру мақсатын түсіндірген. Бұған байланысты Әділетті Халифалар (Хулафа-и Рашидин) кезеңіндегі басқару жүйесін алып келуін көздеген болатын. Бұл ұйым шарияттан тыс Жаңа Дәуірдің бүкіл басқарудың түрлерін мойындамайды. Хизб-ут Тахрир ұйымының сенімі бойынша; Исламнан тыс ұлтшылдық, демократия, капитализм және социализм түсініктері басқа бір планетадан келген секілді<sup>8</sup>. Сондықтан да Исламға ыңғайлы бір халифалық үкімет құрылуы керек. Бұны жүзеге асыру үшін ынтымақта, бөлінбей, бір үмбет болып қол жеткізуіміз керек дейді. Хизб-ут Тахрирдің Орта Азиядағы адам саны – 15.000-20.000. Мүшелерінің жалпы құрамы бай, кәсіпкерлер, жұмыссыз және дарынды адамдардан құралған. Бангладеш, Дания, Германия, Иордания, Ресей, Пәкістан, Сирия, Түркия және Орта Азия мемлекеттерінде тыйым салынған. Хизб-ут Тахрир видео жазбалары, компьютер дисктері және электронды хаттар арқылы насихаттарын жүргізуде. Сондай-ақ ұйым кітапшалары халыққа таратылып, түрлі жерлерде жиналып ұйым мүшелері өзара уағыз-насихат жасайды. Арабша, өзбекше, парсша, қырғыз және қазақ тілдерінде жазылған парақшаларын үй есіктерінің арасынан жасырын түрде тастап кетеді. Қабырғаларға жабыстырылған афиша болса ұйымның қолданған тағы да бір әдістеріне жатады.

### ***Хизб-ут Тахрирдің Екі Бағыты Ретінде Хизб-ул Нусрат және Әкрамилар***

Швейцария, Англия секілді Батыс Европа мемлекеттерінде күштерін арттырған Хизб-ут Тахрир, әсіресе Тәжікстан, Өзбекістан және Қырғызстанда танымал. Мысалы, Өзбекістанда Хизб-ул Нусрат және Әкрамилар ретінде екі бағыт болып әрекеттерін нығайтқан. Хизб-ул Нусраттың құрушысы Шарипжан Мирзазанов тарапынан Ташкентте 1999 жылы пайда болды. Хизб-ут Тахрирдің басшылық нұсқауымен құрылған бұл ұйым Хизб-ут Тахрир секілді жасырын бір құрылымның ішінде болып табылады. Хизб-ул Нусрат ұйымына мүше болу үшін әрбір адам 6 айлық жаттығудан өту керек, мұнда олар Хизб-ут Тахрирдің «Ислам Жүйесі» атты кітабымен үйретіледі. Хизб-ул Нусратқа мүше болмастан бұрын кандидаттардың өткен өмірі мұқият сараптамадан өтеді. Өйткені ұйым мүшелері көбіне радикал Ислам қозғалыстарымен байланысы болғандықтан үкімет тарапынан жалазаларға тартылып темір тордың арғы жағында болған адамдар болып табылады. Сол себепті Хизб-ул Нусрат ұйымын басқа радикалды топтардан шыққан адамдар құрайды.

Өзбекістанда Хизб-ут Тахрирдің өзбектендіру саясатын қолдаған екінші бір бағыты – Әкрамилар. Басқа бір есіммен Әкрамия. Әкрам Юлдашевтің тарапынан Хизб-ут Тахрирдің өзбек бағыты ретінде пайда болған. 1963 жылы Андижанда туылған Әкрам, математика пәні мұғалімі. Сонымен қатар ахлақ бойынша жазылған «Иман Жолы» атты кітабымен адамдар арасында назарын аудартты. Андижанда танымал болған ұйым, «Бауырластық» есімді қор құру арқылы ауруларға, студенттерге және әскерлерге жәрдем жасаған болатын. Дегенмен де Әкрамилар үкіметтің ойынша радикалды бір топ болып табылады. 1988 жылы ұйым басшысы Әкрамның қалтасына есірткі салу арқылы түрмеге қамауға алады. 1993 жылы тағы да ұсталған Әкрам, дәл сол жылы амнистиямен босатылады және 1999 жылы Ташкентте болған бомбалы оқиғаға қатысы бар деген айыппен 17 жылға түрмеге қамалады. Әкрамилардың мақсаты: бай адамдардан алған қаржылай көмектермен кедей болған ұйым мүшелеріне жәрдем ету арқылы ұйымның қуаттылығын нығайту еді.

### **Қорытынды**

Өзбекістан Ислам Қозғалысының шаңырағы астында біріккен Орта Азиядағы Исламдық ұйымдар әл-Каидамен байланысы анық болатын. Өзбекістан және Тәжікстаннан қуылған Намангани және Йолдаштың әл-Каидамен байланысын Каримовқа қарсы ашқан соғысының тек бір жолы ретінде көрген. Талибан және әл-Каида шеңберіндегі Уахаби-Салафи идеологияны ұстанған Өзбекістан Ислам Қозғалысы әл-Каидадан ақша және қару-жарақ алған

<sup>8</sup> Ata Abu Rashda, “World Almanac of Islamism-Hizb-ut Tahrir”, American Foreign Policy Council, United State Department’s Country Reports on Terrorizm, 2011, 2 б.; International Crisis Group, Radical Islam in Central Asia, 1-3 бб.

болатын. Ұйым сондай-ақ Талибан және әл-Каида жолымен есірткі тасымалында да рөл ойнаған.

Кеңес Одағының таралуынан кейінгі кезеңде Евразия аумағында пайда болған ең маңызды қауіпсіздік мәселелерінің басына радикалды Ислам және онымен параллельді түрде дамыған террорлық әрекеттер келген еді.

Орта Азиядағы Ислам түсінігі, тек дін мағынасындағы бір түсінік қана емес, сонымен қатар дінді қамтитын тарихи, әлеуметтік, мәдени құндылықтарды қамтыған ең маңызды түсініктердің бірі болып табылады. XVI-XX ғасырларда Ислам, Орта Азиядағы дін және мұсылмандық ретіндегі діни құндылықтарды қалыптастыру уақыты болса, екінші бір жағынан жобамен 70 жыл бойы Кеңес Үкіметінің құрамындағы Орта Азия мұсылман халқының тарихи құндылығының бір символы ретінде Орта Азия тайпаларының мәдениеті мен дәстүрлерін жалғастыруында негізгі рөл ойнаған болатын. Бұл себептен де Кеңес Одағының таралуынан кейін Орта Азия аймағында Исламның жандануымен бірге пайда болған мәселе – Ислам Фундаменталды Қозғалысы болған.

Кеңес Одағының таралуынан кейін Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекістан, Түрікменстан және Тәжікстан болып Орта Азияның 5 мемлекетіне сырттан келген шектен тыс Ислам Радикализмі түсінігі, үкіметтің немқұрайлылығы және қысым көрсету саясаты, экономикалық дағдарыстың пайда болуы секілді себептермен ауқымы кеңейген Ислам Қарсыласу Қозғалысы бетпе-бет кездескен еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Орта Азия шекараларының ашылуы, бір жағынан Орта Азия мұсылмандары үшін діндерін қайтадан жандандырудың мүмкіншілігін тудырғанымен, екінші жағынан дәстүрлі және зайырлы болған Орта Азиядағы Исламнан басқаша болған, шектен тыс сипаттағы Ислам Радикализмі түсінігін тудыруына бір себеп қалыптастырған болатын. Сондықтан да Өзбекістан Ислам Қозғалысы және Хизб-ут Тахрир секілді алуан түрлі Ислам Қарсыласу Қозғалысы, Өзбекістандағы Ферғана Аңғарын орталық етіп сол кездегі үкіметке қарсы шығу арқылы Ислам Үкіметінің құрылуын көздеп және өкінішке орай, бұл әрекетті ұйымдастырушылардың саны көбейіп жатуда.

### Қолданылған әдебиеттер

RASHDA, A., “World Almanac of Islamism-Hizb-ut Tahrir”, American Foreign Policy Council, United State Department’s Country Reports on Terrorizm, 2011.

BARAN, ZEYNO and STARR, FREDERICK S. and CORNELL, SVANTE E, “Islamic Radicalism in Central Asia and the Caucasus” Implications for the EU, 1-57, 2006.

<http://www.silkroadstudies.org/new/docs/Silkroadpapers/0607Islam.pdf>

FREEHOLM, M., “Uzbekistan and the Threat from Islamic Extremism”, United Kingdom Royal Military Academy, Conflict Studies Research Center, Report No. K 39, 2003.

MAKARENKO T., “Crime and Terrorism in Central Asia”, Jane’s Intelligence Review 12(7), 2000.

NAUMKIN, V., “Radical Islam in Central Asia: Between Pen and Rifle”, Rowan and Littlefield, Lanham, MD, 2005.

SONYOUNG, H., “A Study on the Repressive Policies in Central Asian States and Islamic Opposition Movements”, Корей Тілі Университеті Таяу Шығыс Ғылыми-Зерттеу Институты, 2007, Seoul.

YEMELIANOVA, G., “The Rise of Islam in Muslim Eurasia” Internal Determinants and Potential Consequences, China and Eurasia Forum Quarterly 5(2), 2007.

International Crisis Group, Radical Islam in Central Asia.